


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫ



ҚАНСЕЙІТ ӘБДЕЗҰЛЫ

А л м а т ы 2 0 1 3



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

ҚАНСЕЙІТ ӘБДЕЗҰЛЫ

Библиографиялық көрсеткіш

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

Жауапты редакторлар:

М.М. Бүркітбаев
Г.М. Мұсағалиева

Құрастырушылар:

Г. Қазыбек
Ж. Есімова

Редакторлар:

А. Жаксылыков
Ә.Ж. Скатова
З.С. Махамбетова

Қансейіт Әбдешұлы: библиографиялық көрсеткіш / құраст.:
Г. Қазыбек, Ж. Есімова; жауапты ред.: М.М. Бүркітбаев,
Г.М. Мұсағалиева; ред.: А. Жаксылыков, Ә.Ж. Скатова,
З.С. Махамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 80 б.

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

КАНСЕЙТ АБДЕЗУЛЫ

Биобиблиографический указатель

Алматы
«Қазак университеті»
2013

Ответственные редакторы:

М. М. Буркитбаев
Г. М. Мусагалиева

Составители:

Г. Казыбек
Ж. Есимова

Редакторы:

А. Жаксылыков
А. Ж. Скатова
З. С. Махамбетова

Кансейт Абдзулы: библиографический указатель / сост.:
Г. Казыбек, Ж. Есимова; отв. ред.: М.М. Буркитбаев,
Г.М. Мусагалиева; ред.: А. Жаксылыков, А.Ж. Скатова,
З. С. Махамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 80 с.

© КазНУ им. аль-Фараби, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы.

Биобиблиография филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлына арналған.

Көрсеткіш профессор Қ. Әбдезұлының өмірбаяны мен ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметтерін сипаттайтын материалдардан, оның жарияланған еңбектері мен ол жайлы әдебиеттер тізімінен тұрады. Жарияланған еңбектер тізімі хронологиялық реттілікпен, әр жыл ішінде алфавит бойынша орналасқан. Алдымен қазақ тілінде, орыс және басқа тілдерде жарияланған еңбектер беріледі.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар *de visu* жұлдызшамен белгіленген.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Биобиблиография посвящена доктору филологических наук, профессору Кансейту Абдезулу.

Указатель включает материалы, отражающие жизнь, трудовую, научную, педагогическую и общественную деятельность профессора Кансейта Абдезулы, его публикации и литературу о нем.

Биобиблиография содержит перечень методических и учебных пособий, научные труды, опубликованные в сборниках и периодической печати. Публикации расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту. Сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском и других языках.

Материалы, не просмотренные *de visu*, отмечены звездочкой.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлының өмірі мен ғылыми- педагогикалық қызметінің негізгі кезеңдері

Қансейіт Әбдезұлы 1953 жылы маусым айының 6-жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданы Қасқасу ауылында дүниеге келген.

1961-1970 жж. – Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Куйбышев атындағы (қазіргі Б. Тұлкиев атындағы) орта мектептің оқушысы.

1970-1975 жж. – С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті.

1976-1980 жж. – Алматы облыстық комсомол комитетінде оқушы жастар бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан орталық комитетінің сектор меңгерушісі.

1980-1984 жж. – С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің аспиранты және қазақ тілі кафедрасының оқытушысы.

1984-1988 жж. – ҚР Жоғары және арнайы орта білім министрлігінің инспекторы, бөлім бастығы.

1985 жылы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен 1985 жылғы 27 қарашадағы шешімімен (№ 2 хаттама) филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. ФЛ № 008558.

1988-1999 жж. – Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, меңгерушісі, филология факультетінің деканы.

1991 жылы КСРО халыққа білім беру бойынша мемлекеттік комитетінің 1991 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен (№4/767-д хаттама) қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті ғылыми атағы берілді. ДЦ №036243.

1999-2000 жж. – Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің филология, экономика және мәдениеттану факультетінің деканы.

2001-2002 жж. – Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстары жөніндегі проректоры.

2001 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының мүшесі (2001ж. 18 ақпан) № 0878.

2002 жылғы 1 қарашадан күні бүгінге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы.

2002 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің 2002 жылғы 27 маусымдағы шешімімен (№ 6 хаттама) филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. ҒД № 0003037.

2002-2008 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де әдебиеттану ғылым бойынша Докторлық диссертация Кеңесінің төрағасының міндетін атқарды.

2003 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің 2003 жылғы 29 мамырдағы шешімімен (№ 5 хаттама) әдебиеттану мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді. ПР № 0003185.

2003 жылы Қазақстан Жоғары мектебі ұлттық ғылым академиясының академигі (2003 ж. 30 мамыр № 7 хаттама) № 0028 атағы берілді.

2004 жылы Ресей Ғылым академиясының әдебиеттану ғылым саласындағы М. А. Шолохов атындағы алтын медалімен (06.09.2004 № 4853) марапатталды.

2006 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданының «Құрметті азаматы» атағына ие болды.

2008 жылы «ДА» (Диалог Евразия) халықаралық ұйымы ұлттық комитеті төрағасының орынбасары.

2008-2010 жж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Докторлық диссертациялық Кеңесінің төрағасы;

2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

2011 жылы Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының мүшелігіне қайта сайланды.

2011 жылы Әдебиеттану ғылымы саласындағы еңбектері үшін Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты атағына ие болды.

2011 жылы Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігінің алқа шешімімен "ҚР Мәдениет қайраткері" атағы берілді.

2011 жылы ҚР БҒМ «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушы» грантының иегері.

2012 жылы Ресей Ғылым академиясының гуманитарлық ғылымдар саласында М. Ломоносов атындағы медалімен марапатталды.

2012 жылы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары қауымдастығының алқа шешімімен «Ахмет Байтұрсынов атындағы» күміс медалімен марапатталды.

Основные даты жизни и научно-педагогической деятельности доктора филологических наук, профессора Кансеита Абдезулы

Кансеит Абдезулы родился 6 июня 1952 года в селе Каскасу Тoleбийского района Южно-Казахстанской области.

1961-1970 гг. – ученик средней школы имени Куйбышева (в данный момент им. Б. Тулкиева) Тoleбийского района Южно-Казахстанской области.

1970-1975 гг. – студент филологического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.

1976-1980 гг. – зав. отделом молодых ученых Алматинского районного комитета комсомола, заведующий сектором ЦК ЛКСМ Казахстана.

1980-1984 гг. – аспирант филологического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова и преподаватель кафедры казахского языка.

1984-1988 гг. – инспектор Министерства высшего и среднего образования РК, начальник отдела.

1985 г. – решением высшей аттестационной комиссии при Совете Министров Каз.ССР от 27 ноября 1985 года (протокол № 2) была присвоена ученая степень кандидата филологических наук, ФЛ № 008558.

1988-1999 гг. – доцент, заведующий кафедрой казахской литературы Казахского государственного женского педагогического университета, декан филологического факультета.

1991 г. – решением Государственного комитета по народному образованию Каз.ССР от 25 апреля 1991 года (протокол № 4/767-д) было присвоено звание доцента кафедры казахского языка и литературы. ДЦ №036243.

1999-2000 гг. – декан факультета филологии, экономики и культурологии Казахского государственного женского педагогического университета.

2001-2002 гг. – проректор по учебно-методической работе Алматинского государственного университета им. Абая.

2001 г. – член правления Союза писателей Казахстана (18 февраль 2001 г.) № 0878.

С 1 ноября 2002 года и по сей день – декан факультета филологии, литературоведения и мировых языков Казахского национального университета им. аль-Фараби.

В 2002 году решением высшей аттестационной комиссии Министерства образования и науки РК от 27 июня 2002 года (протокол № 6) была присвоена ученая степень доктора филологических наук. УД № 0003037.

2002-2008 гг. – выполнял обязанности Председателя диссертационного Совета КазНУ им.аль-Фараби.

2003 г. – решением высшей аттестационной комиссии Министерства образования и науки РК от 29 мая 2003 года (протокол № 5) было присвоено звание профессора по специальности «Литературоведение». ПР № 0003185.

2003 г. – присвоено звание академика Высшей школы Национальной академии наук (30 мая 2001, протокол № 7) № 0028.

2004 г. – награжден золотой медалью им. М.А. Шолохова Российской академии наук в области литературоведения (06.09.2004 № 4853).

2006 г. – присвоено звание «Почетного гражданина» Тoleбийского района Южно-Казахстанской области.

2008 г. – заместитель председателя Национального комитета Международной организации «ДА» («Диалог Евразия»).

2008-2010 гг. – Председатель диссертационного Совета КазНУ им.аль-Фараби.

2009 г. – Указом Президента Республики Казахстан награжден медалью «Ерен еңбегі үшін».

2011 г. – переизбран членом правления Союза писателей Республики Казахстан.

2011г. – лауреат международной премии им. Жамбыла за неограниченный вклад в казахское литературоведение.

2011 г. – решением Министерства культуры Республики Казахстан было присвоено звание «Заслуженный деятель культуры РК».

2011 г. – обладатель гранта МОН РК «Лучший преподаватель высшей школы».

2012 г. – награжден медалью им. М. Ломоносова в области гуманитарных наук Российской академии наук.

2012 г. – решением Ассоциации высших учебных заведений Республики Казахстан награжден серебряной медалью им. Ахмета Байтурсынова.

Профессор Қансейіт Әбдезұлының кеңестердің, комиссиялардың, комитеттердің және басқа да жұмыс топтарының басшылығына қатысуы

ҚР Мемлекеттік сыйлықтар беру жөніндегі комиссияның мүшесі. ҚР ЖОО-ның қазақ әдебиеті саласы бойынша республикалық оқу-әдістемелік секциясының төрағасы.

Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым Академиясының академигі (2003 ж. 30 мамыр № 7 хаттама) № 0028.

Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының мүшесі (2001 ж. 18 ақпан) № 0878.

Алматы қаласының әкімдігі жанындағы Тілдерді дамыту комиссиясының мүшесі, университеттегі редакция-баспа алқа мүшесі.

I Қабдолов оқулары : «Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 11 желтоқсан 2008 ж. – редакциялық алқа мүшесі.

М. Әуезов және әлем әдебиеті : халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 23 қыркүйек 2008 ж. – редакциялық алқа мүшесі.

II Қабдолов оқулары : «Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 11 желтоқсан 2009 ж. – редакциялық алқа мүшесі.

М. Әуезов және әлем әдебиеті : халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 24-25 қыркүйек 2009 ж. – редакциялық алқа мүшесі.

М. Әуезов және әлем әдебиеті : халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 24 қыркүйек 2010 ж. – редакциялық алқа мүшесі.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай институты» – жауапты хатшы және секция төрағасы.

III Қабдолов оқулары : «Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық мәселелері» : халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 13 желтоқсан 2010 ж. – редакциялық алқа мүшесі.

«Е. Ысмайылов және қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция, 25 қараша 2011 жыл – редакциялық алқа мүшесі.

IV Қабдолов оқулары «Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция, 2 желтоқсан 2011 жыл. – редакциялық алқа мүшесі.

«Диалог-Евразия» халықаралық интеллектуальды журналдың редакциялық алқа мүшесі.

«Үркер» Республикалық әдеби-танымдық журналының редакциялық алқа мүшесі.

«Аманат» халықаралық әдеби журналының редакциялық алқа мүшесі.

Участие профессора Кансеита Абдезулы в работе советов, комиссий, комитетов, рабочих групп

Член комиссии по вопросам вручения государственных премий РК.

Председатель Республиканской учебно-методической секции в области казахской литературы в ВУЗ-ах РК.

Академик Национальной научной академии Высшей школы РК (протокол №7 от 30 мая 2003 г.) № 0028.

Член Союза писателей Казахстана (18 февраля 2001 г. №0878).

Член комиссии по развитию языков при акимате города Алматы.

Член редакционно-печатной коллегии университета.

I Кабдоловские чтения : «Теоретические и методологические проблемы современного литературоведения и фольклористики» : международная научно-теоретическая конференция, 11 декабря 2008 г. – член редакционной коллегии.

II Кабдоловские чтения : «Теоретические и методологические проблемы современного литературоведения и фольклористики» : международная научно-теоретическая конференция, 11 декабря 2009 г. – член редакционной коллегии.

М. Ауэзов и мировая литература : международная научно-теоретическая конференция, 23 сентября 2008 г. – член редакционной коллегии.

М. Ауэзов и мировая литература : международная научно-теоретическая конференция, 24-25 сентября 2009 г. – член редакционной коллегии.

М. Ауэзов и мировая литература : международная научно-теоретическая конференция, 24 сентября 2010 г. – член редакционной коллегии.

«Институт Абая при КазНУ им.аль-Фараби» – ответственный секретарь и председатель секции..

III Кабдоловские чтения : «Теоретические проблемы современного литературоведения и фольклористики» : международная научно-теоретическая конференция, 13 декабря 2010 г. – член редакционной коллегии.

«Е. Ысмаилов и актуальные проблемы изучения истории казахской литературы» : республиканская научно-теоретическая конференция, 25 ноября 2011 г. – член редакционной коллегии.

IV Кабдоловские чтения : «Теоретические проблемы современного литературоведения и фольклористики» : международная научно-теоретическая конференция, декабря 2011 г. – член редакционной коллегии.

Член редколлегии международного интеллектуального журнала «Диалог-Евразия».

Член редколлегии республиканского литературно-познавательного журнала «Үркер».

Член редколлегии международного литературного журнала «Аманат».

**Белгілі әдебиетші-ғалым, сыншы, филология
ғылымдарының докторы, профессор
Қ. Әбдесұлының ғылыми, әдеби-сыншылық және
қоғамдық қызметі**

Азамат асулары

Қансейіт туралы жазуға қолыма қалам алғанымда жапондардың сөздік қорында «жоқ» деген сөздің жоқ екендігі есіме түсті. Жапондарда адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің дамығандығы соншалық, бір-бірімен сөзге келіп, таласудың орнына, оның көңілін қалдырмауға, ренжітпеуге тырысады. Сондықтан да оларда «жоқ» деген сияқты сөздерді айту қажеттілігі жоқтықтан да ол сөздер лексикалық қордан түсіп қалған. Тіпті, осы мағынадағы ойды білдіру аса қажет өз ойларын жеткізеді екен. Болғандығының өзінде де «реті келмей тұр» деген ыңғайда ғана

Бір нәрсе туралы ойланғанда соған ұқсас жайлардың еске оралатыны – заңды құбылыс. Біреу туралы ойлай бастасаң, алдымен соны басқалардан ерекшелендіріп тұратын айрықша бір қасиеттері ойға оралмай ма? Қансейіт жайлы жазуға оңтайланғанымда-ақ оның барлық уақыттарда «болмайды», немесе «жоқ» деп айтпайтын, қолынан келгенше адамға көмектескісі келіп тұратын аңқылдаған ақкөңіл мінезі көз алдыма келді.

«Ақын болу міндет емес, азамат болу міндет» деген сөз бар. Әркім алдымен, «Адам» деген үлкен әріппен жазылатын атқа лайық болып, содан кейін барып өзінің еңбегімен бе, болмаса дарынымен бе, халқына адал қызмет етуі керек. Десек те бір қалыпқа сыймайтын өмірде түрліше жағдайлардың кездесе беретіні де – заңдылық. «Мен ақынмын», «мен ғалыммын», «мен дарынмын», «мен мықтымын» деп, қолы сәл бір нәрсеге ілінсе, тұмсығын көтеріп, ісіп-кеуіп, жер-көкке сыймай жүретіндер де бар. Адал еңбегімен, дарқан дарынымен халқының құрметіне бөленіп, атағы жер жарғанымен де күнделікті тіршілікте қарапайым, кішіпейіл, көптің бірі болып жүрген азаматтар да қаншама. Мына өмірдің сәнін келтіріп, ерен еңбегімен елін өрге сүйреп жүргендер де – солар. Шынайы

ұлылық дегеніміздің өзі қарапайымдылық екендігіне өмір мысалдары көзіңізді анық жеткізеді.

Өмірде қаншама қызметтер атқарып, биіктерге шыққанымен де алдымен «Азамат болу – парызың», «Ұлық болсаң, кішік бол» ұстанымдарына сай адал өмір сүріп келе жатқандардың бірі емес, бірегейі бұл күндері алпыстың асқарына шығып, жігіт ағасынан ақсақалдыққа қарай бет алған Қансейіт Әбдезұлы деп білемін. Қашан көрсең де аңқылдап қарсы алатын, өтініш айтсаң, мәселенді шешіп, шешілмесе де риза қылып шығарып салатын осы бір жігіт ағасының мінезіне, адами болмысына еріксіз риза боласыз.

Қансейіт Әбдезұлы осыдан тура алпыс жыл бұрын оңтүстік өңірінің ең бір құйқалы жерлерінің бірі Төлеби ауданының Қасқасу ауылында өмір жолын бастапты. «Құйқалы жер» деп отырғанымыз, осы бір шағын ауылдың өзінен ғана елімізге танымал бір топ азамат, олардың ішінде жиырма шақты суретші шығыпты. Солардың бірі – жарқ етіп, өмірден ерте аттанып кеткен Қансейіттің туған ағасы, атақты таэквондашы, белгілі суретші Бексейіт Түлкиев болатын.

Балалық шағын ауылда көптеген қазақ балалары сияқты қозы бағып, жалаңаяқ доп қуып, табиғаты тамаша Қасқасу өзенінің бойында өткізген Қансейіт осындағы орта мектепті бітірген соң арман қуып, әсем қала Алматыға жол тартады. Жолы болып, қазақ білімінің қарашаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне (бұрынғы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті) оқуға түсіп, қазақ ғылымының корифейлері Б. Кенжебаевтың, І. Кеңесбаевтың, М. Балақаевтың, Т. Нұртазиннің, Т. Қожакеевтің, З. Қабдоловтың, т.б. алдынан дәріс алады. Білімін ары қарай аспирантурада, докторантурада жалғастырады. Университет қабырғасында қоғамдық жұмыстармен де белсене айналысып, икемділігін байқатқан жалындаған жас жігіт біраз уақыт Алматы облыстық комсомол комитетінде, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінде жауапты қызметтер (1976-1980), ҚР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінде нұсқаушы, бөлім бастығы (1981-1988) қызметтерін атқарды.

Қансейіттің нағыз ұстаздық жолы 1988 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына қазақ әдебиеті

кафедрасының меңгерушісі болып келген кезінен басталды. Міне, осы уақыттан бері ол жоғары оқу орындарының, оның ішінде филологиялық білім беру саласының белгілі ұйымдастырушыларының біріне айналды. Қазақ қыздар институтында қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология факультетінің деканы (1988-2001), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор (2001-2002) қызметтерін атқарған Қ. Әбдесұлы 2002 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің деканы болып келеді.

Қансейіт ағымдағы қызметіне байланысты уақыттың тапшылығына қарамастан ғылыми жұмыстарын бір сәтке де тоқтатқан емес. Қолы қалт еткен кездерінде қазақ әдебиетінің қыр-сырларына үңілуге қашан да болсын мүмкіндік тауып отырды. Ұзақ жылдарғы ғылыми ізденістерінің барысында ол 1988 жылы қазіргі қазақ прозасындағы кейіпкер және тартыс мәселесіне қатысты кандидаттық, 2002 жылы «Тәкен Әлімқұлов және қазіргі қазақ прозасы» тақырыбында докторлық диссертациялар қорғады. Профессор.

Қансейіт негізінен қазақ прозасының зерттеушісі ретінде танылды. Басқа жақтарға шашырамай, прозаның көркемдік проблемаларын індетте зерттеген ізденістер өз жемісін берді. Қазақ әдебиетінің түрлі мәселелеріне арналған «Кейіпкер және тартыс» (1995), «Ел мен жер тағдыры» (2001), «Әдебиет және өнер» (2002), «Жазушы және заман шындығы» (2003), «Тарих және тағдыр» (2004, 2007), «Қазақ прозасы және ұлттық идея» (2005), «Тәкен Әлімқұлов және қазақ прозасы» (2006, 2010), «Таным көкжиегі» (2007, 2009), «Семсер» (2012), «Тәуелсіздік кезеңі және қазақ әдебиеті» (2012) атты зерттеу және әдеби сын кітаптары өмірге келді. Сондай-ақ ол – «Қазақ әдебиетінің тарихы» (Он томдық, «Қазақпарат», 2007) академиялық басылымындағы «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдеби сыны» тарауының авторы; «Абай және Шәкәрім» (2012) атты ұжымдық монографияның ғылыми жетекшісі әрі авторларының бірі; 6, 8-сыныптарға арналған қазақ әдебиетінен оқулықты жазысты.

Ғалым ең алдымен тәкентанушы ретінде танымал. Әрқайсысы өзінше шабатын түрлі-түрлі тұлпар бар. Кеңестік

кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі өзгеше шабысты, өзгеге ұқсамайтын қаламгерлердің бірі Тәкен Әлімқұлов болатын. Әсіресе, жазушының өнер тақырыбына жазған әңгімелері қазақ әдебиетінің өткен ғасырдағы елеулі жетістіктерінің қатарында. Қазақ прозасының шағын жанрларында классикалық туындылар жазған Т. Әлімқұловтың шығармашылығы көп уақыттарға дейін өз дәрежесінде танылмай, өзіне лайықты бағасын ала аламай келсе, міне, осы олқылықтың орнын Қ. Әбдезұлы толықтырды.

Қансейіттің «Ел мен жер тағдыры», «Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы», «Әдебиет және өнер», «Тәкен Әлімқұлов және қазақ прозасы» атты монографиялық зерттеулерінде сұлу сырлы, сырбаз тілді, әсем ойлы Т. Әлімқұлов туындыларының тұлпар тынысы жан-жақты зерделенген. «Қаралы қобыздағы» Ықылас, «Көк қаршығадағы» Ахан, «Көкейкестідегі» Сәкен, «Сарыжайлаудағы» Тәттімбет, «Сейтек сарынындағы» Сейтек және тағы басқаларының нөқтаға басы сыймаған қайғылы тағдырының неге айрықша көркемдік нысанаға алынғанын, бақытқа лайық жандардың неліктен сормандай күйге түсетінін жазушы тұжырымдамасының ыңғайында ашуға ұмтылады.

Автор жазушы шығармашылығын жан-жақты зерттеу барысында Т. Әлімқұловтың өзіне ғана тән суреткерлік стилін, шеберлік кырларын ашып бере алған. Тәкеннің тіл шеберлігіне қатысты тоғыз түрлі ерекшелігін көрсеткен. Олар: «сөздерді қосарлап қолдану», «сөздерді шендестіру арқылы сәтті құбылту, ойнату, ой тереңіне тарту», «пейжаз, табиғат көрінісін молынан пайдалану», «юмор, сатира, сарказм элементтеріне жазушының көп иек артатындығы», «тарихи деректерді, тарих көздерін шығарма арқауына молынан кіргізетіндігі», «халық аузындағы аңыз-әңгімелердің, шежірелердің, басқа да көптеген құнды тарихи мұралардың көркемдік қуатын оқиға өрісін ширатуға тереңдете шебер кіргізетіндігі», «халық тіл мәйегі – қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік сөздер өрнектерін шығарма мәтініне, кейіпкер сөзіне, авторлық баяндауларға орын тауып, ұтымды пайдаланып отырғандығы», «ұлттық бояуы қанық, ұлттық өрнегі мейлінше дара сөздер мен сөз тіркестерін дәл тауып қолданатындығы», «оның туындыларының шынайы

ұлттық болмыс-бітімі» (Қансейіт Әбдезұлы. Тәкен Әлімқұлов және прозасы. – Алматы: Арыс, 2006, 168-170 беттер).

Қансейіт Т. Әлімқұловтың шығармашылығын жеке дара бөліп алып қарамайды; оны өмір сүрген өткен ғасырдың екінші жартысындағы әдеби өмір ауқымында, әдеби үдеріс пен тығыз байланыста алады. Тәкеннің қазақ прозасындағы суреткерлік болмысын Ә. Кекілбаевтың, І. Жақановтың, М. Сқақовтың, С. Сматаевтың, С. Бакбергеновтің, С. Жүнісовтің, О. Бөкейдің, Қ. Жұмаділовтің, Қ. Мұхамбетқалиевтің туындыларындағы ортақ сипаттар мен өзіндік ерекшеліктерін аша отырып, салыстыра зерттеуі ғалымға тек Т. Әлімқұлов қана емес, жалпы өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ әдебиеті, оның ішінде қазақ прозасы жайлы да құнарлы пікірлер білдіруіне қолайлы мүмкіндіктер туғызған.

Т. Әлімқұловтың жалпы суреткерлік ерекшелігі дегенде Қансейіт «Жазушының, әсіресе, әңгіме жанрын жетік меңгергендігін», «Жазушы шығармаларындағы шұбалаңқылық жоқ, қандай тақырыптағы шығармасын алмаңыз, алдымен қаламгердің нақтылық, дәлдік, қысқалыққа ден қоятынын» (Қансейіт Әбдезұлы. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы. Алматы: Ғылым, 263-бет) атап өткен.

Қ. Әбдезұлының «Тарихи тұлғалар және қазақ әдебиеті» атты зерттеу кітабының да негізгі өзегі – Т. Әлімқұловтың шығармашылығы. Біз осының алдында әңгіме еткен монографияларында негізгі зерттеру нысаны Тәкеннің шығармашылығы болса, мына еңбегінде қазақ прозасында тарихи тұлғалардың сомдалуы алдыңғы қатарға шыққан. Төрт тараудан тұратын сүбелі еңбекте қазақтың тарихында өткен атақты күйшілерге, ақындарға, батырларға арналған туындылар арнайы тарауларда сараланған.

Қансейіттің қарым-құлашы кең. Қазақ прозасына, әсіресе, ондағы тарихи тақырыптың көркемдік тұрғыдан игерілуі мәселелеріне келгенде еркін жүзеді. «Жазушы және заман шындығы», «Таным көкжиегі», «Семсер» (2012) жинақтарын ғалымның әр кездерде жазған сын-зерттеулері құрайды. М. Дулатовтың, М. Әуезовтің, Ш. Айтматовтың, С. Бакбергеновтің, Р. Тоқтаровтың, І. Жақановтың, Д. Досжанның, Н. Әбутәліповтің, Т. Жұмахановтың, С. Елубайдың, Т. Рақымжановтың,

Б. Ыбырайымовтың, Ғ. Есімнің, т.б. прозалық туындылары және 60-80-жылдардағы қазақ әңгімелерінің көркемдік, тілдік ізденістері жайлы өрелі ойлар айта білген. Абайдың, Махамбеттің, Шәкәрімнің, Ұлбикенің, Исаның, Тұрмағамбеттің, т.б. поэзиясы хақында да пікірлер білдірген. Сондай-ақ Н. Төреқұлов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, А. Мансұров, Қ. Құттыбаев, С. Жұмабеков, Б. Әбдіғазиев, Ж. Дүйсенбаева жайлы да қалам тербетіпті.

Қ. Әбдезұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі қазақ әдібиеті мамандығы бойынша докторлық кеңес төрағасының орынбасары (2002-2008), төрағасы (2008-2010) болды. Оның жетекшілігімен 3 докторлық, 17 кандидаттық диссертация қорғалды. Ол – Қазақстан Республикасы Жоғары мектебі академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының (2009) академигі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, Халықаралық «ДА» ұйымы қазақстандық комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстанның «Мәдениет қайраткері» (2011), Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданының құрметті азаматы.

2011, 2012, 2013 жылдары профессор Қансейіт Әбдезұлы Абай-Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің жаңа бағыттарын негіздеу мәселелері атты халықаралық бағдарламаларға қатысты.

Ғалымның түрлі қызметтер атқара жүріп ғылымда жеткен жетістіктері лайықты бағасын да алып жатыр. Қансейіт Әбдезұлы ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Ол – Ресей Ғылым Академиясы М. Шолохов атындағы Алтын (2006) және Ломоносов атындағы медальдарының, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың (2011) иегері.

Иә, мұның барлығы бір адамға оңай жүк емес. Оның үстіне күнделікті жұмыс ағымында жүріп жатқан студенттерге дәріс оқу, қазақ, орыс филологтарын, аудармашыларын, шет тілі мамандарын даярлайтын факультеттің жұмысын басқару, факультет, университет ауқымында үздіксіз өтіп жататын түрлі жиындарға қатысып, қатысып қана қоймай, соларда басшы ретінде баяндама жасау, сөйлеп, өз пікірін қосып отыру секілді ұшы-қиыры жоқ жұмыстары тағы бар. Міне, осыншама қыруар жұмыстарды атқара жүріп, ғылыммен айналысуға уақыт табуы,

осыншама жетістіктерге жетуі, әрине, нағыз жанкешті еңбекқорлықтың арқасы. Мұндай жұмыстарды атқару бойда қуаты, баста ойы бар әдебиетті, ғылымды шын сүйген азаматтардың ғана қолынан келеді.

Гүлбаршын Тұрсынқызындай жар сүйіп, Жанна, Ақмарал, Ақеркедей ару қыздар тәрбиелеп, түтіні түзу шыққан қазақтың бір бақытты шаңырағының иесі болып, алпыстың асқарына алқынбай шыққан Қансейіт бұл күндері нағыз шығармашылық кемел шағында. Азамат арқалар жүк қашан да ауыр. Алға қойған асыл армандардың орындалып, көздеген мақсаттарға қол жеткізе берудің алтын шақтары енді келген сияқты. Өзінді әрдәйім азаматтықтың, ғылымның биіктерінен көре беруге жазсын.

*Дандай Ысқақұлы,
С. Демирел атындағы университет ректорының
кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор*

Тәкентану тағлымы әдебиеттанушы ғалым, сыншы Қансейіт Әбдәзұлының шығармашылығы жайлы штрихтар

Жиырма бірінші ғасырдың екінші онжылдығынан бастап қазақ әдебиеттану ғылыми аналитикалық сапасы жағынан белгілі бір өзгерістерге ұшырай бастағаны байқалды. Алдымен назар аудартатыны – көркем шығармаларға баға беру жолындағы талдаулардың объективті межені көбірек көздеуі, шығарманың кемшілігінен гөрі ұнасымды тәуір қырларын бажайлап беруге ден қоюшылық, Кеңес дәуіріндегі идеялық көркемдік деген біртұтас ұғымды майдан қылшық суырғандай ажырата сөйлеп, идеясынан гөрі көркемдік деген сыңарына баса мән беру, тілдік қолданыстарды талдауға келгендегі сараңдық сияқты ортақ үрдістер.

Бұл сипаттардың әдебиеттану ғылымын жана межеге көтере алатын қырларымен бірге, тартыншақ тұстары да жаңа ғасырымыз, осы екінші онжылдыққа аяқ басқан тұстарда айқындала бастады. Көркем шығарманың бойындағы негізгі тәуір белгілерін ашып, айқындап жеткізу, оның көркемдік талаптарға лайықты немесе лайықсыз болып келетін тұрғыдан әдебиеттану ғылымының ежелден келе жатқан теориялық арсеналдарын өз орнымен қолдана білу деген мәселелер де күн тәртібінде тұрғандығы байқалады.

Көркем әдебиеттің сыны өзінің нақты міндетінен гөрі жалпылама ойларды ғана айтуға бейімделіп алғаны да – қалыпты құбылыс болып алды. Ең алдымен, төл әдебиетіміздің емес, шетелдік әдебиеттің тәжірибелерін, шетелдік ғұламалардың айтқан ойларын ортаға салуға бейім сыншыларымыз көркем туындыларды нақты талдап беруден гөрі өзінің интеллектуалдық деңгейін, білімдарлығын көрсетуге құштар. Уақыт қалса, сөз соңында жекелеген шығармалар жайлы тиіп қашты бірдене айтпақ болған эссе сипатындағы шығармаларды туған әдебиетке жаны ашыған нағыз сын деуге келе бермейді.

Әдебиеттанушы ғалымдардың бір бөлігінің әдебиет сынына да ара кідік ат басын тіреп отыратыны да осындай зәруліктің салдары болса керек. Кеше ғана арамыздан өткен Р. Бердібаев,

З. Серікқалиев, Р. Нұрғалиев, Ә. Нарымбетов, С. Жұмабек, А. Егеубаев, Б. Майтанов қомақты да мағыналы еңбектерімен қазақ әдебиеттану ғылымының мойындалған майталмандары еді. Ал, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Ш. Елеуқенов, С. Қасқабасов тәрізді аға буын өкілдері бүгінгі әдебиетіміздің даму қарқынын бажайлай отырып, қаламдарының қарқынды қуаттары арқылы әлі де алдыңғы қатардан көрініп келе жатқандарына шүкіршілік етеміз. Олардың ізін басушылар Ж. Дәдебаев, Б. Кәрібаева, С. Негимов, Т. Жұртбаев, Б. Ыбырайымұлы, Т. Тебегенов, Қ. Ергөбек, У. Қалижанов, Қ. Әбдезұлы, С. Әбдірахманов, З. Бисенғали, А. Ісмақова, Г. Піралиева, Г. Орда, Д. Қамзабекұлы және тағы басқалары бірігіп, әлеуетті де тегеурінді топты құрайтыны сөзсіз. Бұлардың әрқайсысының ғылыми шығармашылықтары жинақтай сөз етуді қажетсінетін деңгейге де жетіп қалғаны байқалады.

Әдебиеттану мен әдеби сын саласында отыз жылдан астам уақыт бойы қаламының тұнық сиясын, маңдайының ашы терін төгіп, уақыт алдыға тартқан талаптардың үдесінен көрініп келе жатқан осындай ғалымдардың бірі – Қансейіт Әбдезұлы. Осы уақытқа шейін оның жарық көрген онға таяу еңбегінің осал жазылған тараулары кем де кем. Мен бұл пікірді аталған ғалымды асыра мақтап жібермеу үшін сақтықпен айтып отырмын десемде болады.

Осы жоғарыда аталып өткен ғалымдардың қай қайсысы да ғылымдағы зерттеушілік ізденістерімен, жазу мәнеріндегі өзіндік қолтаңбаларымен қазақ әдебиеттану ғылымын дамытып, қалыптастырып келе жатқан еңбекторылары. Олардың шығармаларымен жиі таныс оқырмандар, тіпті, сөз саптас-тарынан, ой қорытуларымен, шығарманы талдау әдіснамала-рынан ажырата ала алады деуге болады. Мысалы, Ж. Дәдебаев ең алдымен деректілікке, қалыптасқан теориялық ұстанымдарға арқа сүйеуге бейім болса, Б. Кәрібаева, Б. Ыбырайымұлы өз талдау өзегі етіп алған нысанның көркемдік болмысына күрделі сөйлемдер арқылы барлау жасағанды жөн көретін ғалымдар.

Ал, осындай әріптестерінің арасында Қансейіт Әбдезұлының өзіндік талдау үдерісін ғалымдық дара қолтаңбасын қалып-тастырып үлгергендігі даусыз. Ол Б. Майтанов немесе А. Ісмақова тәрізді таза теориялық мәселелерді көлденен

тартып, айтар ойын сол жағынан қаузап кетуді мақсат тұтпайды. Немесе шығарманың көркемдік бітімін оның оқиғасын мазмұндау арқылы айқындап беруді әдіс ретінде таңдап алған С. Қасқабасов, Г. Орда сияқты ғалымдардың ұстанымын да үлгі етіп алмайды. Көркем туындының болмыс бітімін оқырманның санасына жеткізу жолындағы өзінің таңдап алған ғылыми мәнері, талдау әдісі бар.

Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» атты романына жасаған талдауының соңындағы ғалымның тұжырымы мынандай: «Шығарманың оқиғалық арнасы мезгіл жағынан да, кеңістік жағынан да осынша кең болғанмен, жазушы деректің ықпалында кетпейді, өмірдің мол оқиғаларын барынша сығымдап суреттейді. Сөйте тұра автор әр тарихи оқиғаның мәнін, оның бағасын бірде кейіпкер сөзімен беріп отырады. Бұл орайда өмір құбылыстарын суреттеуден талдау мен бағалау, эмоциялық мазмұннан гөрі, рационалдық жүйе, сезім сырынан гөрі, ақыл тезі басым түседі. Ә. Әлімжанов романының Махамбет туралы басқа туындылардан айырмашылығы да осында» (Әдебиет және өнер, 125-бет). Осынау жалғыз азат жолда өзі тілге тиек етіп отырған романға байланысты қорытылған ой әрі ғылымилығымен әрі дәлдігімен назар аударарды. Сонымен бірге пікір айтудағы, сөз саптаудағы соны сипаттардың лебі де жоқ емес. Ғалымның бұл келтірілген тұжырымы белгілі бір шығарма туралы жазылған талдаудың қорытындысы. Кезекті аналитикалық ойларын дамыта келіп, әрбір пайымын, әрбір ұсынысын тұжырымдап сөйлеу, нақты бір қорытындыға әкеліп тіреу Қансейіт Әбдешұлының қаламына тән сыншылық мінездерінің бірі.

Көркем әдебиет туындысын ғылым талаптарына сай өз деңгейінде талдап шығу, базбіреулер ойлап жүргеніндей, бөрікпен ұрып ала қоятындай оңай-оспақ жұмыс емес. Көркем шығарманы талдау барысында тілге тиек болуға тиісті ең негізгі бес-алты фактордың бар екендігі белгілі. Біздер, талдаушылар, солардың бәрін қамти бермейміз, осылардың ішінен жекелеген мәселелерге ғана тоқталып, сол өлшеулі факторлардың шыр-мауынан шыға алмай, қалып қоятынымыз да рас. Базбіреулер, туындының тақырыбы төңірегінде көбірек тоқталса, енді біреулер оның мазмұнындағы жекелеген ситуацияларға көңіл

бөледі. Енді біріміз, кейіпкерлердің ара қатынастарын, тағдырларын термелеп, ең соңында олардың қандай шешім тапқанына көңіл бөліп кетеміз. Көркем туындыны әр қырынан талдаудың орнына оған бірден жақсы не жаман екенін айтып, баға бере сөйлеуге бейім болып келетін кездеріміздің болатындығы да жасырын емес. Әдеби сын мен әдеби талдауларды оқыған кезде дайындығы бар оқырмандардың көңілдері толықырамай, қоңылтаксып жататындары да сондықтан. Басқасын айтпағанда, біздің сыншы, талдаушы ретінде шығармаға баға беруіміз қаншалықты керек? Ең алдымен шығарманың бүкіл болмыс-бітімін шама-шарқымыздың келгенінше жоғарыдағы талаптарға сай талдап шығудың шарт екендігін неге ұмыта береміз? Сонда ғана біз тілге тиек етіп отырған әдеби нысанның көркемдік болмысын ашып көрсете аламыз ғой.

Көркем шығарма туралы сөз бола қалса, баз бір адамдар оны не мақтау керек, не жамандау керек деп қана ұғады. Әдеби сынның басты мәселесі қай туындыны болсын алдымен сауатты түрде талдап шығу екенін ескере бермейді. Әдебиет теориясын алдыға тартсаң, шамданып, шамырқанып шыға келетін сыншыларға не демексіз. Ондайлар «Үйді салуға болады. Бірақ бетонның, кірпіштің керегі жоқ» дейтін дүмбілез құрылысшы тектес.

Біздің Қансейіт Әбдешұлынан үйренетін тұстарымыз – оның әдебиет теориясы алдымызға қойған тиісті талаптардың бәрін болмаса да түгелге жуық орындап шығуға тырысатындығы. Бұндай жауапкершілік нышаны, оның сақа сыншы болып қалыптасқан кезінде ғана емес, алғаш рет қаламды қолына алып, көк балауса талапкер ретінде пікірлер айтуға талпыныс жасаған тырнақалды мақалаларынан да бой көрсетіп қалады екен. Әрине, ол сындары талапқа сай өз деңгейінде шықты ма, шықпады ма дегенге келсек, ол өз алдына жеке мәселе.

Өзінің сыншылық, әдебиеттанушылық ұзақ жолында Қансейіт Әбдешұлы қазақ әдебиетінің көптеген белді шығармаларын талдап, талай қаламгердің әдеби портреттерін ғылыми деңгейде сомдауға қатысыпты. Олардың арасында М. Әуезовтің «Абай жолы», «Өскен өркен», Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан», Д. Әбілөвтің «Ақын арманы», Т. Әлімқұловтың «Ақ боз ат», «Ел мен жер», С. Бакбергеновтың «Қоянкөзге құлаған

жұлдыз», Қ. Исабаевтың «Өрде», Н. Әбутәлиевтің «Наркескен», «Өттің дүние», Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Ш. Мұртазаның «Қара маржан», С. Жүнісовтің «Ақан сері», Қ. Жұмаділовтың «Сәйгүліктер», М. Сәрсекеевтің «Жаңғырық», І. Жақановтың «Ықылас», Ә. Кекілбаевтың «Күй», «Бәйгеторы», А. Жақсыбаевтың «Егес», Қ. Мұхамбетқалиевтың «Бас жұтқан бас», «Орлау», А. Смайыловтың «Арғымақ пен Ағба», С. Елубайдың «Ақ боз үй», Ғ. Есімнің «Социализм» және қазақ прозасында белгілі бір із қалдырып жатқан өзге де шығармалар бар.

Ғалым-сыншы бұл туындылардың қазақ әдебиетінде алатын көркемдік орындарын дәлелді түрде айқындай отырып, ішінара өз кемшін деп тапқан тұстарына да тоқталып өтеді. Қай жағынан ақсап тұрғанын да жеткізуге тырысады. Әдеби көркем шығарманы өз деңгейінде талдап шығудың қажетті әдіс-тәсілдерін жете меңгерген тәжірибелі ғалым жалпы әдеби үрдістердің бағыт-бағдарын назардан тыс қалдырмайды. Қандай шығарманы да тілге тиек еткен жағдайда өмір шындығы мен көркемдік шындықтың ара қатынасына, көркемдік шындықты суреткер қиялына сай өрнектеу тәсілдеріне, ерекшеліктеріне айрықша үніліп отыруға бейім екендігі байқалады.

Образдарды сомдаудың тарихи мәні және эстетикалық тағылымы – ғалым-сыншы үшін қызықты да мәнді құбылыстардың бірі. Мейлі М. Әуезовтің «Өскен өркені» болсын немесе А. Смайыловтың «Арғымақ пен Ағбасы» болсын, зерттеуші ең алдымен көркем туындының бойындағы эстетикалық реңінің құрылу үдерісіне жете үніледі. Бұл арада ол сюжеттің даму динамикасы мен характердің кеңею үдерістерін қатар салыстырып ала отырып, көркемдіктің үшінші бір атрибутына, нақтылап айтар болсақ, шығармадағы авторлық позицияның айқындығына назар аударады. Бұл арада шығарманы талдап, талқылау барысында ғалымның өз қаламына тән болып келетін аналитикалық әдіснаманың шаң беретіні сөзсіз. Өз заманында Мұхамеджан Қаратаевтың талдаулары әрі шолулық, әрі аналитикалық сипатымен көзге түсетін. Кеңестік дәуірдің сыншысы өз ойларын үнемі саясатпен үндестіре, үйлестіре отырып талдайтыны да кейінгі шәкірттеріне де жақсы мәлім. Ал, Рахманқұл Бердібаев болса, әрбір шығарманың көркемдік

табиғатын қазбалай ашып, мазмұндық атрибуттарына молырақ тоқталып отырушы еді.

Қ. Әбдезұлының ғылыми ой қорытуы, сөз саптауындағы стильдік ерекшеліктері әдебиет сынында елеулі із қалдырған, бұл екі ағасына да ұқсай бермейді. Оның талдау барысындағы дiттеген мақсаты – зерттеу нысанының болмыс-бітіміне жақынырақ үніле отырып, оқырманға шығарма табиғатын мейлінше дәл таныту. Бұл жағынан алып қарағанда оның талдау әдіснамасына, ғылыми әрі шығармашылық ойлау жүйесіне ең жақыны Серік Қирабаев десе де болады. Аға әдебиеттанушы мен Қ.Әбдезұлы арасындағы осындай жалпы ұқсастық, ойлау жүйелеріндегі сабақтастық алдыңғы ғалымның ұстаз, кейінгі қаламгердің оған рухы жақын шәкірті екендігін байқатқандай.

Бұл жағынан алып қарағанда, Қансейіт Әбдезұлының академик ғалымның тікелей көшірмесі деуге мүлде болмайтынын да ескерту керек. Екеуін ұқсастырып тұрған факторлар – шығарма табиғатын тап басып тани білушілік, ойларын жеткізудегі айқындық, ықшамдылық, ғылыми пайымдауындағы ұғынықты да қисынды тұжырымдар. Сонымен бірге, Қ. Әбдезұлының әдеби талдауларын оқып, оның табиғатына дендеп ене түскен сайын, тек өз қаламына тән ерекшеліктерін де біртіндеп тани аласыз. Бұл арада біздің айтқымыз келіп отырғаны – ғалым талдауларының таза ғылыми канондарымен қатып қалмай, көбінесе көркем шығарма тақылеттес тартымды оқылуы керектігіне де назар аударып білетіндігі.

Бұл арада ұлы сыншы В. Белинскийдің өз шығармаларын жазу үрдісіндегі стильдік нышандары еске түседі. Оның жазғандары бірыңғай таза ғылыми немесе таза әдеби сын емес, әдебиеттану тақырыбындағы эссе сияқты оқылатынын да айта кету керек. Белгілі бір туындыны (айталық, «Евгении Онегинді») талдай отырып, кеңқұлашты шегіністерге, әлеуметтік бағыттағы эсселік толғаныстарға бой ұруы, ұлы сыншыны жарқыратып көрсеткен жағдаяттар еді. Дәл сондай болмағынымен, Әбдезұлының қисынға негізделген әдепті ойлары жақсы үрдіске жол ашып отырады.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, қазіргі қазақ әдебиеттануда Қансейіт Әбдезұлының өз талғамына лайықты ғылыми-ойлау жүйесі қалыптасқанын, тек қана жүйе емес, қазақ

әдеби сынындағы талдаулар жасаудың белгілі бір үрдісін оңтайлы жолға қойып алғанын аңғару қиын емес. Ғалымның ғылыми өмірбаянында көптеген қазақ прозашыларының шығармалары талдау нысаны ретінде орын алғаны мәлім. Олардың бірсыпырасы жоғарыда аталып өтті де. Сонымен бірге, отыз жыл бойына үзілмей, сыны бұзылмай қаламының ұшынан қалып қоймай, үнемі ілесіп келе жатқан бір меншікті тақырыбы бар. Ол – қазақтың көрнекті сөз зергері Тәкен Әлімқұлов. Қарасөздің қадірін тереңнен танып, тебірене түсінетін, тек қана түсініп қоймай, соның құнарлы қыртыстарын оқырман алдына тиісінше жайып сала білген бұл қаламгер жайында сөз бен ой тасқынын ағытқан талдаушылар қатары олқы соға қоймайды. Солардың алдыңғы легінен Р. Бердібаевтың, Т. Токбергеновтің, С. Жұмабековтің, Ә. Бейсебаевтың және т.б.сыншыларымыздың есімдерін атай аламыз. Бұлардың қай-қайсы да жан-жақты талдай отырып, Т.Әлімқұлов шығармашылығын әділетті түрде жоғары бағалай білген қалам иелері.

Ал, енді, Қ.Әбдешұлының Тәкен Әлімқұлов шығармашылығына деген ықылас-пейілі өзінше бір жосын. Зерттеушінің пайымдауынша, Т.Әлімқұлов бірнеше суреткерлік қасиетке ие, қаламгерлік қолтаңбасы дара жазушы. Оның шығармашылығына тән басты ерекшеліктер халық, адам өмірін қоғамдағы тарихи мәні жоғары құбылыстарды суреттеудегі халықтың дәстүрлі мәдениетін игерудегі эпикалық кең құлаштылық, нәзік әрі терең психологизм, тіл құдіреттілігі. Әдебиетіміздің алыптары М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафиндерден кейін, өз талантымен әдебиет есігінен еркін аттаған Тәкен Әлімқұлов өзіне дейінгі ұнасымды дәстүрлерден үлгі алып, «өзі де үлгі ұсынған» талант иелерінің бірі.

Тәкен шығармашылығын сарабалдықпен сараптауда Қ. Әбдешұлы тек өзінің көркемдік қабылдауына, жеке танымы мен түйсігіне ғана арқа сүйеумен шектеліп қалмайды. Өзге де пікір айтушылардың дәлелді де тиянақты тұжырымдарына табан тіреп отырады. Сөйтіп, үйлес пікірлер мен кереғар ойлардың арасынан өзінің ғылыми-сыншылдық концепциясын ұсынып отыруға ықылас танытады. Ғалымның көбірек талдайтындары – Тәкеннің «Ақ боз ат», «Ел мен жер» сияқты романдары мен «сейтек сарыны», «Қақнақыл», «Дүбәра», «Қаратау», сияқты

повесттері және «телқоңыр», «Жиендік», «Қараой», «Ұры», «Қаралы қобыз», «Күрең өзен» және т.б. әңгімелері. Осынау шығармалардың көркемдік бітімін, авторлық ұстанымын терең де сырлы талдаулар барысында айқындай отырып, сыншы жазушы шығармашылығының жалпы бет-пішінін, өз қаламына ғана лайық болып келетін көркемдік ұстанымдарды желкесінен басып дәл тауып алып, нақтылап көрсетеді. Зерттеушіні қызықтыратын Әлімқұлов қаламының нәзік шеберлігі ғана емес, тақырып тандаудағы талғампаздығы, өз табиғатына жақын болып келетін оқиғаларды көркем сөзбен сөйлетуге бейімділігі. Осы аталған шығармалардың аралығына, ортақ бір көркемдік фактордың бары анық. Ол жазушының өнер тақырыбын төңіректтей отырып, сол арқылы адамның рухани тереңдей білуі.

«Ақ боз ат» сияқты роман жайлы дер кезінде айтылған пікірлер қатарының өзі бір төбе. Қ. Әбдешұлы өзінен бұрын әлеумет назарына ұсынылған сондай сыншылдық ойлардың аясында қалып қоймай, оларды одан әрмен жетілдіре отырып, тереңдете түсу арқылы өзінің жеке ғылыми-сыншылдық пайымдауларын көлденең тартады. Аңдап қарайтын болсақ, аталған роман тек ат пен адам тағдырлары туралы емес екен. Онда өнер мәселесіне де әжептәуір орын беріліпті. Көркемдік қалауының ырқымен жазушы тың ойлар, айшықты айғақтар ұсына білген екен және Тәкен өнер тақырыбына қалай келген деген мәселе де сыншы үшін маңызды болып табылады. Бұл тақырыпты қаузаған тұстарда да жазушы жай жадағай ойлар ұсынудан, суретсіздіктен қашады. Жазушы шығармашылығындағы образ бен өнердің қалай кірігіп кеткенін білгіңіз келсе, Қ. Әбдешұлының осы төңіректегі пайымдауларын оқып көріңіз. Оның өз кезегінде арнайы тоқталып тұрып, ашып көрсететіні де осындай мәселелер.

Ат демекші, «Ақ боз ат» романындағы ат бейнесінің қалай жасалғандығын зерттеуші жалаң қарастырмайды. Өзіне дейінгі пікірлердің көлеңкесінде қалып қою, жалаң қайталап шығу деген мәселелер, жалпы, Қ. Әбдешұлының ғылыми ұстанымына жат. Қай шығарманың да табиғатына үнілгісі келсе де, әйтеуір бір тың пікір білдіріп қалуға бейілді. Бұл арадағы ат бейнесін талдауға байланысты да ғалым сол үрдісінен жаңыла қоймайды. Алдымен өзінің алдындағы сыншылар көлденең тартқан

талдаулардың сүбелі деген тұстарына назар аударып алады да, ат бейнесі жасалған басқа шығармаларға тоқталып кетуді жөн көреді. Сөйтіп, қазақтың басқа жазушыларының шығармаларындағы ат бейнелерімен салыстыра, салғастыра қарауы талдаудың эстетикалық салмағын арттыра түседі. Атап айтқанда, ол Ә. Кекілбаевтың «Бәйгеторы», Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», Қ. Жұмаділовтің «Сәйгүліктер», А. Смайыловтың «Арғымақ пен Агба» сияқты көркемдігі кенеулі шығармалардағы ат образдардың қалай сомдалғанына тоқталып отырып, енді осы мәселені Тәукен қалай шеше білді деген төңіректе ой өрбітеді.

Ғылыми талдаулардағы пайдалы да сенімді әдістердің бірі салыстыру, салғастыру болса, Қ. Әбдезұлы осынау қолайлы мүмкіндікті үнемі ұтымды пайдаланып келеді. Мәселен, Т. Әлімқұловтың «Ат боз ат» романы мен Қ. Жұмаділовтің «Сәйгүліктер» повесіндегі жылқышылар тағдырын салыстыра тартуы тұжырымдық тұрғыдан көңілге қонымды: «Ондағы Ағыбай жылқышымен «Ақ боз ат» романындағы Бөркімбай жылқышының тағдырларында өзара ұштасып жатқан (Б.69-70) деп, бір сілтесе, одан ары қарай осынау екпінді ойын былайша сабақтайды:

«Қазақ прозасында әдеби шығарманың сюжеттік желісінің күйге, сазға негізделуін қазақ әдебиетінде Тәкен Әлімқұловтың шығармашылық ізденістері қалыптастырды. Күй сазынан, үн жүйесінен мағына табу, оған нақты мазмұн дарыту немесе оны белгілі мазмұнмен нақтыландыру, сөйтіп әдеби шығарманың оқиғалық желісіне, адам образын жасаудың, кейіпкер характерін жасаудың басты құралына айналдыру Тәкен Әлімқұловтың жазушылық, даралығын белгілейтін көркемдік факторлардың бастысы» (Сонда, 72-б) деп, келеді де: «Бұл мәселе кезінде І. Жансүгіровтің «Күй», «Күйші», «Құлагер» атты бірнеше поэзиялық шығармасында өзіндік шешімін тапқаны белгілі. Ал осы прозада Т. Әлімқұлов бұл дәстүрді жалғастырып, оған жаңа бағыт, жаңа сапа берді, өзіне дейіп қалыптасқан көркемдік үрдісті өзінше жаңаша жалғастыра отырып, қазақ прозасын, әсіресе әңгіме жанрын тақырып, идея, образ жасау және стильдік тұрғыда жаңа көркемдік жетістіктермен байытты»

(Сонда 72-б.) деп, басқа әдебиеттанушылар да еріксіз мақұлдап бас ізейтіндей дәлелді тұжырым жасайды.

Көркем шығармаларды сарапшыдай талдап, ой қорыту барысында сарабдал сыншы өз ой пікірлерін сол өзі айтып отырған туындының төңірегінде шектеп қалмайды, жалпы әдеби шығармаға ортақ пікірді, ортақ ойды да сол арада туындатып, теориялық тағылым болатын пайымдаулар да көлденең тарта-тын тұстары бар. Бұның өзі ғалым сыншының жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға қарай ой өрбітіп, белгілі бір тұжырым жасауға бейім синтездік өрісінің жоғары екендігін көрсетеді.

Қ. Әбдезұлының еңбегінен мына төменде келтіріліп отырған тұжырымды дәйексөз осы пікіріміздің тағы бір мысалы: «Әрине, мол материалды сығымдап, оның динамикалық серпінін күшейтіп, әңгіме жанры заңдылықтары аясында суреттеп шығуға да болады. Т. Әлімқұлов әңгімелерінің көпшілігінен осындай талап пен талғамды, шеберлік пен зергерлікті аңғарамыз. Ал, белгілі бір шағын көлемді оқиғалық желіні негізсіз, дерексіз мәліметтерге арқау етіп, повестің немесе романның өзегіне айналдыру жазушының танымын да, талантын да биіктен көрсете алмайды, жазушылық шеберлігін де айқындай алмайды. Жанр табиғаты мен өмірлік материал арасындағы сабақтастық заңдылықтарын сақтай білуі немесе білмеуі – жазушының жалпы шығармашылық болмысына, шеберлігіне сын болып табылатыны осы жайлармен байланысты болса керек» (Әдебиет және өнер, Б.206-207). Жеке автордың шығармашылығын сараптай келіп, ортақ ой қорытуда ғалым үнемі назар аударып отыруға тырысатыны – ұлттық сипаттар.

«Солардың ішінде, - дейді ол Т. Әлімқұлов әңгімелері жайында сөз өрбіте келіп, - автордың ерекше көңіл бөліп, айрықша ден қоятыны шығармасының ұлттық сапасы, ұлттық бояуының мейлінше қанық және шынайы болып шығуын мақсат еткенін аңғарамыз» (Семсер, 182-б). Қ.Әбдезұлы үшін кез келген көркем туынды жалпы адамзатты болуымен бірге, ең алдымен ұлттық нақышты, ұлттық бедерді жеткізе білуімен де құнды.

Сонымен бірге, ғалым-сыншының жанын ауыртатын өзекті мәселенің бірі – көркем әдебиеттің тілі. Осынау ділгір мәселе қашанда ғалымның назарында. Көркем прозаның тілі жайындағы тебіреністері де жалпы ортақ ұғымдармен, ортақ

көзқарастармен үндесе келіп, өзіндік ойлармен байытылып отырады. Бұлардың арасында назар аударуға тұрарлық тың тұжырымдардың бар екендігі де байқалады. Мысалы, ғалымның «Әр заман, әрбір тарихи кезең әдебиетке өз тілін ала келеді. Бірақ, біздің ХХ ғасырдағы классикалық әдебиетіміздің тілі – біздің қазіргі тілімізден мүлде ат үзіп кеткен тіл деуге болмайды. Шынайы көркем әдеби тіл, менің ойымша, еш уақытта қоғамға, заманға бейімделмейді» (Семсер, 243-б). – деген пайымдаулары еріксіз бас шұлғытып, ортақ ойдың үдесінен табылатыны сөзсіз.

Қ. Әбдезұлы тек қазақтың көркем прозасын әр қырынан талдап, тұщымды ойлар ұсынумен ғана шектеліп жүрген ғалым-сыншы емес. Оның қаламына әдебиеттанушы ғалымдар мен сыншылар жайында да толымды толғамдар, портреттік бедерлер оралып жатады. Мұның нақты мысалдары – Асқар Сүлейменов, Төлеген Тоқбергенов, Зейнолла Серікқалиев, Рымғали Нұрғали, Сағат Әшімбаев, Сайлаубек Жұмабек туралы жазған шығармашылық портреттері.

Қашанда тынымсыз ізденіс үстінен табылатын ғалым-сыншы бүгін өзінің шығармашылық бабында. Ұстаздық, қайраткерлік қызметтерін ықыласпен атқара жүріп, өзінің сүйікті тақырыбы, қазақ әдебиеті жайында парасатты пайымдауларға уақыт таба білуі де – сол еңбекқорлықтың, табандылықтың, көркемдікке деген іңкәрліктің нышаны екендігі сөзсіз.

*Нұрдаулет Ақыш,
филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы.
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
бөлім меңгерушісі*

БЕЛЕС

Әлемдік деңгейге көтерілген ұлттық сөз өнеріміздің қадір-қасиетін, тарихы мен табиғатын, мәдени-рухани мәнін ашып саралайтын әдебиеттану ғылымы да арыдан тамыр тартып, кемелдік кезеңге жетіп отыр. Осы салада өнімді еңбек етіп келе жатқан көрнекті ғалым – ҚР Жоғары мектебі Ұлттық ғылым Академиясының, Халықаралық Айтматов Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы.

Ол 1985 жылы ҚазҰУ-де, туған кафедрасында кандидаттық диссертациясын қорғаған соң білім-ғылым саласына бүтіндей ат басын бұрды. Осы тұстан бастап-ақ әдеби-сын мақалалары мен зерттеулері республикалық басылымдарда, әдеби жинақтарда жиі жариялана бастады.

Қазақ әдебиетінің түрлі жанрдағы шығармалары мен ұлттық құндылықтарды ұлықтап, оның келелі мәселелерін талдап бағалауда ғалым қажырлы еңбек етіп келеді. Оның қаламынан туған «Кейіпкер және тартыс», «Ел мен жер тағдыры», «Тарих және тағдыр», «Әдебиет және өнер», «Т.Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы», «Жазушы және заман шындығы» (сын мақалалары), «Таным көкжиегі», «Семсер» т.б. зерттеу-сын кітаптары бар. Бұлардан басқа көптеген әдеби-сын мақалалар жазған. Мұның бәрі ғалымның тынымсыз еңбегі мен қалам қарымын, талғам-танымының кеңдігін көрсетсе керек.

Қазақ әдебиетінің даму тарихында ХХ ғасырдың екінші жартысы яғни 1960-1980 жылдар аса мәнді кезең болғаны мәлім. Өйткені бұл кезеңде қазақ әдебиетінің нәрлене-құнарлана дамуына үлес қосқан талантты жазушылар шоғыры әдебиетке келген-ді. Солардың бірі сындарлы суреткер Т.Әлімқұлов болатын. Оның шығармалары өз кезінде әдеби-сын мақалаларда қарастырылған, жақсы бағаланған. Бірақ жазушы шығармаларын тұтастай қамтып, терең зерделеген алғашқы еңбек профессор Қансейіт Әбдезұлының «Т.Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы» деп аталатын іргелі зерттеуі. Автор бұл еңбегінде жазушы шығармаларының идеялық-көркемдік және тақырыптық-

жанрлық ізденістері, өзіндік қолтаңбасы яғни стильдік даралығы, шұрайлы тілі жан-жақты дәлелді де дәйекті талданады.

Қ. Әбдезұлы жазушының тұлғалар тағдырына терең баратынын, соны төгілте суреттейтінін айтады. Мысалы: «Т. Әлімқұловтың тұлпарлар жайындағы көркем туындыларында жазушыға тән бір ерекшелік адам жанының шындығын, оның мінез қырларын ой-сезімдер арқылы емес, нақты іс-қимыл, әлеуметтік әрекет, талас-тартыс арқылы ашатынын атап көрсетеді. Мәселен «Ақбоз ат» Т. Әлімқұловтың романын оқып отырған жан кейіпкерлердің ойы мен сезімінің тасқынына да, ағынына да ұрынбай, олардың сөзін тыңдайды, өзін көреді, ісін біледі. Тіпті кейіпкер қиын ахуалға тап болып, жаны күйзелгендей күйге түскенде, жазушы осы тәсілінен, осы машығы мен мәнерінен танбайды.

Осы орайда жазушы бір кейіпкерінің сөзі мен ісінің басқа кейіпкер тағдырына әсерін ашуға үлкен мән береді. Сөйтіп адамдар арасындағы қатынас, бір кейіпкердің ісі мен әрекетінің, шешімінің өзге кейіпкерге, оның тағдырына әсері осылайша тізбектеліп, бір сатыдан келесі сатыға ауысып, тереңдей береді. Мұның өзі шығарманың әлеуметтік салмағын арттыруға жол ашады», - деп тұжырымдайды.

Қазақ халқы үшін жорға, жүйрік міну, сәйгүлік ұстап, оны баптау, қызығын тамашалау өмірдің ерекше бір қуаныш-қызығы саналған. Атты адамның қанатына балаған халық ешбір той мен асты бәйгесіз өткізбеген. Бұл – халқымыздың арыдан келе жатқан дәстүрлі мәдениетінің бірі. Сондықтан болар ауылда туып-өскен Тәкен де жүйріктің бабы мен сынына ерекше ықыласпен қараған сияқты. Өйткені осы тақырыпқа «Жүйріктер мен жабылар» атты эссесінен бастап бір роман, бірнеше повесть, әңгімелер жазыпты. Ғалым-зерттеуші түрлі жанрлық үлгідегі бұл топтағы шығармаларының басты ерекше қасиеті – олардың ұлттық сипатында деп біледі. Мұның өзін тұлпарлар тағдырымен байланыстыра отырып, сәтті көркемдік ізденістер жасағанын дөп басып таныған.

«Ақбоз ат» романында жылқышылардың өмір-тіршілігі, тағдыры, ауыл өмірі оқиға желісін құраған. Алайда жазушы бірыңғай жүйрік жайын қызықтап кетпей, жылқы түлігінің даралық белгі-нышандарын ашып, жүйрікке тән хас белгілер

мен атты баптап-жаратудың да тәсілдерін жетік білетінін нақты мысалдармен дәлелдейді. Оқымысты бұл ретте Т.Әлімқұловтың өз көзімен көрген, көңіліне түйген деректер мен ел ішіндегі аңыз-әнгімелерге де көп мән бергенін атап өтеді. Зерттеудің терең мәнін, орнықтылығын осыдан байқаймыз.

Професор Қансейіт Әбдезұлының назар аударған мәселесінің бірі – романдағы кейіпкерлерінің әрқайсысының дара портреттеріне тереңдеп баруы, сол тұста жарқырап көрінген суреткер шеберлігін талдап алдыңғы қатарға шығаруы. «Ақбоз аттағы» Біркімбай атқұмар, жүйрік пен жорға десе ішкен асын жерге қоятын жан екенін көреміз. Біркімбайдың таным деңгейін ат баптау жайындағы ойларын кейде басқа кейіпкерлермен арасындағы диалогтар арқылы ашып отырады. Тіпті Біркімбайдың да, басқа адамдардың да араларындағы қарым-қатынасы, іс-әрекеті, мінез-машықтары асқан жүйрік ақбоз айналасында өрбитінін жинақтап түйіндейді. Романда суреттелетін сәйгүліктер жарысы шын жүйрікті анықтаса, әрі тұлпарлар айналасындағы адамдардың да ниет-пиғылын, мінездері мен таным-түсінік, адамдық қасиеттерін танып отыратыны көрсетілген. Жүйріктер бәйгесі жазушы үшін адам мінезін даралайтын көркемдік амал-тәсіл екенін дәлелді саралайды. Бұл тұста да жазушының тіл құнарын айырықша даралап көрсете алған.

Сонымен Біркімбай өзінің мұрат-мақсаты үшін тұрақтылық таныта білетін намысшыл, қайсар жан ретінде танылса, Алтынтіс біліктілігі төмен, биліктің буына семіріп, көз еті өскен әкім ретінде тұлғаланғанын ұғамыз. Ол қолына түсіре алмаған Ақбозды құлғанадай қуып ақыры мерт етеді. Тұлпар өлімі Біркімбайға орны толмас өкініш, Алтынтіске – қайтқан кек. Бұл шығармадағы тартысты ширықтыра түседі және оның эмоциялық әсерін де арттыратын мінездер қайшылығы екені түсіндіріліп, ерекшелігін айқындаған. Кейіпкерлердің көңіл-күй әсерлері мен даралық қырларын ұтымды бейнелеу арқылы өмір шындығын көркем жинақтау да ерекше талғампаздық танытқан деген байламға келеді.

Бұл оқиға «Қара жаяу» повесінде жалғастық табады. Алтынтіс роман мен повесте бірдей кездескенімен екінші қатардағы кейіпкер деңгейінде суреттеліп, қанағаты жоқ адам ретінде мінезделуі оған тән сапа-белгінің бірі екені айтылады. Сондық-

тан Біркімбай жүйрік атты жансерік деп ұқса, Алтынтіс үшін әдеттегі мініс көлігі. Ал «Күржік» повесіндегі Тілеш те бұларға ұқсамайтын кейіпкер. Қаракөк жүйрік құнанға иелік ету үшін түрлі айла-шарғы қолданады. Оның іс-әрекеті бір басқа, сөзі бір басқа. Сөз бен ой, түр-түс пен ісі арасындағы кереғарлықты, қарама-қайшылықты тоғыстыра суреттеу кейіпкер мінезін анық-айқын, терең ашуға мүмкіндік бергені анықталады. Мұны суреткердің характер даралаудағы жетіскен шеберлігі деп бағалайды.

Тақырыбына адалдық танытып, Т.Әлімқұловты ұзақ жылдар бойында зерттеп келе жатқан профессор Қансейіт Әбдезұлы жазушының жетістігі қатарына сәйгүліктер тағдырына қатысты шығармаларының өнбойында желі тартып жататын атбегіліктің шарттары мен тәсілдері және нағыз жүйрікке тән сын-сипат, белгі-нышандарды да шынайы, әсерлі суреттелетіні кейде дүниетаным иірімдерінен туындап жататын философиялық ой-толғаныспен астарланып отыратыны да орынды пайымдаған.

Ғалым зерттеулерінің бір ұтымды жері – Тәкеннің тұлпарлар тағдыры жайында жазылған туындыларын жеке-дара талдамай, басқа жазушылардың (Ш.Айтматов «Қош бол, Гүлсары», Ә. Кекілбаевтың «Бәйгеторы», С.Бақбергеновтің «Өрімші», Қ. Жұмаділовтің «Сәйгүліктер» т.б.) шығармаларымен салыстыра-жарыстыра талдау арқылы әр жазушының өзіне тән ерекшеліктері мен үндестіктерді ашып көрсетіп отыруы. Өмірлерінің соңында ешкімге керексіз болып қалатын тұлпарлар тағдыры адам өмірімен астастыра бейнелеу арқылы адамдардың сан қилы тағдыры да, қоғамдық орта мен тарихи кезең шындықтары да бой көрсетіп отыратынын нанымды зерделейді.

Т. Әлімқұлов бір шоғыр туындыларында Ақсан сері, Махамбет, Сәкен, Тәттімбет, Ықылас, Сүгір, Сейтек, Әбікен, Төлеген сынды өнер адамдары бейнесінің кейбір сәттерін соншама әсерлі бейнелеуі жазушының елеулі табысы екені айтады. Өнер адамына арналған шығармасының бірі – «Ел мен жер» романы. Өткен ғасырдың алғашқы жарымы ел өмірінде елеулі кезең болғаны белгілі. Қоғамдық-әлеуметтік өмірде болып жатқан сан қилы аласапыран оқиғаларға орай Сәкен тағдырының таразыға түскен ең бір ауыр кезеңін, қатерлі сәттерін бейнелейді. Ақын халық тағдырына терең із қалдырған тартысқа толы тарихи оқиғалардың ауқым-аясында көрінеді.

Қат-қабат іс-шаралардың ортасында жүреді. Өйткені ақын да жана заманды жақтап, халқының бақытты болашағы үшін күреседі. Қоғам қайраткері, танымал қаламгер Сәкен мұндай мәселелерден шет қалуы мүмкін емес екені айтылған. Осындай беймезгіл шақтың шындығын автор адам тағдырлары арқылы бейнелеп берген. Кейбір тосын оқиғаларға Сәкенді араластыру арқылы оның іс-әрекетін әр қырынан көрсетуді мақсат еткенін де ғалым сенімді түйіндейді.

Күнделікті болып жатқан әлеуметтік-саяси оқиғалардан, дүрбелең шақтардан Сәкен сырт қалмайды. Себебі ол Колчак абақтысынан қашып шығып, күрес жолын тағы жалғастырады. Еңбекші қауымның сойылын соғып, сөзін сөйлейді. Сондықтан көптеген қолдау-қошемет көреді. Ел адамдары Ноғайқұл, Сүйіндік, Зейнәл, Нәбилер жанашыр жақындығы, достық пейілімен танылып отырады. Осыған қарамастан жаны нәзік ақын көңіліне көлеңке түсіретін көріністер де болмай қалмайды. Мұндай сәтте де Сәкен кең ойлап, кесіп айтатын бар болмысымен тартыс үстінде көрініп, әр қырынан ашылады. Сәкен тұлғасы біртіндеп биіктей береді.

Сәкенге байланысты өтетін оқиғалық өрілімдер, ауыл адамдарының мінез-кылығы, тұрмыстық көріністер – бәрі қаламгердің өзіндік суреттеу мәнеріне лайық зергерлікпен өрнектелген деген баға береді. Жазушы романында Сәкен, Сүгір сынды өнер адамдарының ел мен жер тағдырына немқұрайды қарай алмайтынын, олардың іс-әрекеттері, пайым-парасаттары кейде ішкі толғаныстары (монолог) арқылы тартымды суреттей білгенін ұтымды аңғартып, мәнді талдаулар жасайды.

Т. Әлімқұловтың «Көк қаршыға» повесі де оқырманды ерекше әсерге бөлейтін туынды. Повесте сан қырлы өнер иесі Ақан өмірінің соңғы кезеңі көрініс тапқан. Оның өмірінің ең бір мәнді сәтін ғана таңдап-екшеп шығарма арқауына айналдыруы суреткердің көркемдік-эстетикалық талғамын биіктетіп, шағын повестің ажарын айшықтағанын саралайды. Оқымысты оқиғаны аса құштарлықпен, терең сезіммен беріле бейнелеуін жан-жақты тарата талдап, жоғары деңгейде толымды пікірлер айтады. Тағдырдың талай тауқыметін тартып, тауы шағылған Ақанды бір уак көңіліне медеу, көзіне қуаныш болған көкқаршығасынан (көкжендет) да айырады. Қыран құсты Тінә болыс өлтіреді.

Повесте өмір бойы Ақанға сұғын қадаған қиянатшыл ортаның сорақы сұмдықтары арқылы оқиғаның ширыға түсетінін айрықша атап өтеді. Жақсының жақсылығын көре алмайтын өзімшілдерден қиянат көріп, жаны жаралы болған, сағы сынған Ақан жан дауасын табиғаттың көрініс-көркінен, табиғи тылсым сырынан тапқандай болады. Өзімен-өзі болып бар мұң-наласын туған жер табиғатымен бөліскендей қастық-қысастықтан оңаша кетіп оқшауланатын сәтін жазушының соншама шебер бейнелейтіні тұжырымдалады.

Ғалым-зерттеуші Ақанның ішкі жан әлемі, сыр-сипаты, терең тебіренісі ішкі монолог, бірде кейіпкер сөзі, кейде авторлық баяндау сияқты көркемдік тәсілдер арқылы айтулы тұлғаның өнерпаздық қырларын айқындай түсіп, жазушының айтпақ идеясын көрсетуге қызмет ететінін тап басып таниды. Автор өмірінің трагедиялы тұсын нанымды тартыстар нәтижесінде ашып, ақын образы шынайы мүсінделген деп түйеді.

Повесте Балқадіша, Ақтотыға байланысты жан сергелдендері мен ізбасар достары Аяған, Солтанмахмұт, Бәтжандарға қатысты іс-әрекеттердің бәрі тоғыса келгенде Ақанның жүрек жарды сырын, қапалы сәттерін шебер жеткізіп, оның бейнесін даралай түседі. Жазушы болған оқиғаларды баяндаушы ғана емес, тарих тереңіне бойлай білетін, заман кейпі мен орта тағдырын топшылай алатын ойшыл, парасат иесіне айналғанын көрсетеді. Суреткер осы повесінде көркемдік тәсілдердің қырсырын терең меңгеріп, оны шебер қолдана білген. Сондықтан өнер адамының өміріне арналған «Көк қаршыға» өте сәтті туынды деген әділ байлам айтады.

Ұлт руханиятындағы даралығы айқын өнер адамдарының өнерпаздық өрісі, көркемдік-эстетикалық әлуеті өзгеше. Олардың тарихи тағдыры мен шығармашылық болмысы арқау болған туынды тарихи кезең шындығымен астастыра зерделеудің мәні зор. Осы ретте Қансейіт Әбдешұлының «Сейтек сарыны» повесін талдауға арналған зерттеуі де шығармашылық тұлғаның көркем образға айналуының тарихи, көркемдік негіздеріне қанықтыра түседі. «Сейтек сарыны» Тәкеннің суреткерлік талғамын танытатын туындысы. Повесте Сейтектің күйі арқылы әлеуметтік теңсіздік пен оның тәлейсіз тағдыры, қиынқыспақта өткен өмір жолы суреттеледі. Шығарма кейіпкері

Сейтектің өнері мен өмірі ел тарихымен, жер тарихымен өзі туып өскен аңызға бай Қаратау өңірінің аясында бейнеленуі повестің дәйектілік шынайлығын күшейте түседі әрі әлеуметтік өмірдің тынысын танытатынына жан-жақты назар аударылады.

Сейтектің қуғын-сүргін көруі, абақтыдан қашқан азапты сапары бәрі күй сазымен қос өрім тартып, сюжеттік желі үзілмей сабақтасып, жүйелі өрбиді. Сөйтіп күйші тұлғасының кей қырларын, өткен өмір жолының өкініштерін елестететіні айғақталған. Күйшінің «Заман-ай» күйін Сәруар шалдың орындауында тыңдаған Дәрменнің қасіреттен қасиетті шығарма туатынына көзі жетеді. Сәруар мен Дәрменді күйшінің тағдырына қатысты оқиғаларға араластырып отыруы Сейтек тұлғасын биіктетіп аша түседі. Домбыра шанағынан төгілген күйдің сиқырлы сазы Дәрменнің жан-жүрегін тербеп, қиялына канат бітіргендей ерекше бір күйге бөлейді. Ғалым Қ. Әбдезұлы суреткердің өнер күдіретін де, кейіпкерлерінің портрет-мінездемелерін де өте нәзік білгірлік – дәлдікпен өрнектей алғандығын көркемдік жинақтау заңдылықтарын алға тарта отырып, қаламгер шеберлігіне биік баға берілген.

Жазушы тарихи деректерден алшақ кетпей, Сейтек өмірінің бір кезеңін аталған повестің арқауына айналдырып, белгілі кейіпкерлердің тәлей-тағдырын, тыныс-тіршілігін, рухани өмірі мен әлеуметтік сыр-сипатын диалектикалық тұтастықта алып суреттеуі арқылы тарихи кезең шындығын сәтті ашқанын атап өтеді. Сондай-ақ ел жадында жүрген аңыз-әңгімелерді оқиға мен кейіпкер мінезін ашуға пайдаланып отыруы да автордың көркемдік мақсатынан туған тәсілі ретінде бағалайды. «Күй сазының ішкі арнасында күйшінің шығармашылық психологиясына бойлауда күйдің әуені мен әсерін, үн мен сырын мөлдіретіп суреттеуге, адам мен заман шындығын, өмір сырын сол арқылы танытуға келгенде Т. Әлімқұловтың суреткерлік шеберлігі анық, дара көрінеді» - деп түйеді. Сонымен, профессор Қансейіт Әбдезұлы өз зерттеуінде жазушының өнер туралы дәйекті білімін, стильдік даралығын теориялық тұрғыдан айқындап, шеберлік сырларын жете игерген қаламгер деген орынды қорытындыға келген.

Ескертіп өтер бір жай, шығарма кейіпкерлерінің сөйлеу мәнері олардың ақыл-ойынан, дүниетанымынан, мінез-құлқынан хабар беріп тұрады. Сондықтан суреткер кейіпкерлері өз

болмысына, ортасына сай құр сөз емес, құнарлы сөз айтады. Демек, әр адамның сөзі, оның көңіл толқындарын аңғартып тұрса, осыған орай табиғат көріністері де жарастықта бейнеленіп отырады. Осының бәрі Тәкен шығармаларының көркемдік компоненттеріне қатысты екені атап өтіледі. Айшықты тіл, ой тереңдігі, сыр-сезім шынайлығы оқушыны ерекше әсерге бөлеп қана қоймай, туындыға тың өрнек қосып, татымды-тартымдылық өресін биіктете түседі деген байлам айтады.

Тақырыбына тереңдей бармаса қолына қалам алмайтын, талғампаз, талантты ғалым Қансейіт Әбдешұлының еңбектері алуан арнадағы тақырыптарды арқау етеді. Солардың соңғы жылдары жарық көрген бір шоғыр мақала-зерттеулері «Таным көкжиегіне» топтастырылған. Ол қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына үлес қосу арқылы дәуіріміздің көркем шежіресін жасауға атсалысқан тұлғалар мен қаламгерлік биік парыз жайында толғанады. Бірнеше көрнекті суреткерлердің жазған туындыларындағы соны ізденістер мен сөз өнерінің бағыт-бағдарын, табиғатын зерделеген оқымыстылардың портреттері жасалады. Әдебиетіміздің бүгінгі тақырыптық-идеялық сын-сипаты мен болмысы ой елегінен өтіп талдау-таразылау нысанасына айналады.

Профессордың қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге де күнбе-күн үн қосып жүрген публицистикалық мақалалары оқырманға таныс. Тәуелсіз елдің жаңа тарихы, халық тағдыры, жер мен жастар болашағы, жоғары білім берудің әлеуметтік бағдарлары т.б. қазіргі уақыттың өзекті мәселелері хақындағы азаматтық пікірлерін баспасөз арқылы үнемі ортаға салып отырады. Нағыз кемелденген шаққа келелі еңбектерімен келген ұстаз-ғалымның асқан асу, шыққан биігі мен мұңдаласа, «ақырын жүріп, анық басын» үлкен-кішіге ілтипатпен қарайтын, кішіпейіл-кісілігі де сүйсінетеді. Айналасына әрдайым нұрын шашып, төңірегіне мейірімін төге жүретін, әруақыт сабыр мен қанағатты ұлы қасиет, қағида санайтын парасатты, игілігі мол азаматқа биік белес тілейміз.

*Зұфар Сейітжанұлы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

**Филология ғылымдарының докторы, профессор
Қансейіт Әбдезұлының өмірі мен еңбектері туралы
әдебиеттер**

**Литература о жизни и трудах доктора филологических
наук, профессора Кансейта Абдезулы**

1. Ақыш Н. Тәкентану тағлымы / Н. Ақыш // Ақиқат. – 2012. – № 11. – 100-105 б.
2. Алдашова Н. Қансейіт Әбдезұлы – Тәкентанушы ғалым / Н. Алдашова // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 121 б.
3. Әзірет Е. Ғалымның еңбегі еленді // Айқын. – 2011. – 23 қараша.
4. Әлкебаева Д. Қансейіт Әбдезұлының бұқаралық ақпарат құралдарындағы авторлық «Мені» / Д. Әлкебаева // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 116 б.
5. Бердібай Ш. Талант көкжиегі / Ш. Бердібай // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф.

- материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 108 б.
6. Ержанова С. Ғалым, сыншы, азамат / С. Ержанова // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 100 б.
 7. Есімова Ж. Көркемдік таным биігі / Ж. Есімова // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 106 б.
 8. Дүйсенбаева Ж. Суреткерлердің суреткерлік иірімдері хақында / Ж. Дүйсенбаева // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 85 б.
 9. Жақып Б. Оның өз әлемі бар / Б. Жақып // Алматы ақшамы.. – 2003.– 7 маусым.
 10. Жүніс Е. Таным көкжиегі / Ж. Жүніс // Айқын. – 2010.– 21 тамыз.
 11. Жусанбаева С. Жылдар, күндер, тағдырымыз... / С. Жусанбаева // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық

- мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 94 б.
12. Иманғазинов М. Әдебиет олимпісіндегі ұлағатты ұстаз / М. Иманғазинов // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 82 б
 13. Қазыбек Г. Жүректегі мейірім / Г. Қазыбек // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 87 б.
 14. Қалқабаева С. Ғалым танымының көкжиегі / С. Қалқабаева // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 118 б.
 15. Қансейіт // Айқын. – 2007. – 6 маусым.
 16. Қансейіт Әбдезұлы – мәдениет қайраткері // Айқын.– 2011.– 17 маусым.
 17. Қуанышбекқызы Ж. Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп / Ж. Қуанышбекқызы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 28 қараша.

18. Майтанов Б. Ғылым мен әдебиеттің биік белесі / Б. Майтанов // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 27 маусым.
19. Мәдібай Қ. Әдеби мұраны зерттеудің жаңа бағыттарында / Қ. Мәдібай // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 89 б.
20. Мирослав Кибер : "Мүмкіндігі шектеулі жанның шектеусіз ерлігі" / жазып алған А. Есали // Егемен Қазақстан. – 2010. – 23 қараша.
21. Профессор Қ. Әбдезұлы – 50 жаста // ҚазҰУ хабаршысы. Ақпарат. сер. – 2003. – № 1 (10). – 79 б.
22. Салқынбай А. Суреткерлікті таныту немесе шеберлік желісі / А. Салқынбай // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 97 б.
23. Сейітжанов З. Белес / З. Сейітжанов // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 76 б.
24. Сейітжанов З. Тереннен тартқан талғампаз // Алаш айнасы. – 2013. – 21 мамыр.
25. Смағұлова Г. Қ. Әбдезұлының аксиологиялық зерттеулеріндегі Т. Әлімқұлов шығармашылығы / Г.

- Смағұлова // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдешұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 92 б.
26. Тарақов Ә. Әдебиеттану әлеміндегі Әбдешұлы / Ә. Тарақов // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдешұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 102 б.
27. Тарақов Ә. Ғалым, ұстаз Әбдешұлы / Ә. Тарақов // Алматы ақшамы. – 2004. – 6 шілде.
28. Тасымов А. Ер көңілді, терең білім иесі / А. Тасымов // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдешұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 107 б.
29. Тәуелсіздік күні қарсаңында мемлекеттік наградамен марапатталғандар // Алматы ақшамы. – 2009. – 12 желтоқсан.
30. Тәшенов Т. Әбдешұлы әлемі / Т. Тәшенов // Айқын.– 2013. – 12 сәуір.
31. Тебегенов Т. Ғалым-ұстаз Қансейіт Әбдешұлының талант пен таным биіктігі // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдешұлының 60 жылдық

мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 80 б.

32. Тебегенов Т. Изденгіш ғалым, білікті ұйымдастырушы / Т. Тебегенов // Қазақстан жоғары мектебі. – 2003. – № 3. – 262-264 б.
33. Шәкірттерімен шұғылалы ұстаз // Алаш айнасы.– 2012. – 6 желтоқсан.
34. Шортанбаев Ш. Қансейіт Әбдезұлы зерттеулеріндегі роман жанрының кейбір мәселелері / Ш. Шортанбаев // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 113 б.
35. Ысқақұлы Д. Азамат асулары / Д. Ысқақұлы // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 26 сәуір.
36. Ысқақұлы Д. Азамат асулары / Д. Ысқақұлы // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. Материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 69 б.

* * *

37. Абишева С. Д. Хранитель наследия / С. Абишева // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдезұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет

- сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 111 б.
38. Абдуллина А. К вершинам мудрости / А. Абдуллина // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдешұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 115 б.
39. Темирболат А. Кансеит Абдешұлы – ученый-литературовед / А. Темирболат // Мейірім : ой-толғамдар, зерттеулер, естеліктер : белгілі ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф., ҚР Жоғарғы мектебі Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ. Әбдешұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының өзекті мәселелері атты халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, 5 маусым 2013 жыл. – Алматы, 2013. – 104 б.

**Профессор Қансейіт Әбдешұлының еңбектерінің
хронологиялық көрсеткіші**

**Хронологический указатель трудов
профессора Кансейт Абдешулы**

1995

1. Қазақ әдебиетіндегі өндіріс тақырыбы : кейіпкер және тартыс. – Алматы : Рауан, 1995. – 93 б.

1999

2. Тәкен Әлімқұлов әлемі // Ұлағат. – 1999. – № 3. – 59-60 б.

3. Махамбет пен Ақан сері образдарының көркемдік ерекшеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. – № 4. – 12 б.

2000

4. Ел мен жер тағдыр : зерттеулер, әдеби-сын мақалалар . – Алматы : Қазақпарат, 2000. – 237 б.

2001

5. Т. Әлімқұлов және қазақ прозасы : моногр. – Алматы. 2001. – 200 б.

6. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы : дәстүр және жалғастық. – Алматы : Ғылым, 2001. – 269 б.

2002

7. Әдебиет және өнер : оқу құралы – Алматы : Қазақ ун-ті, 2002. – 298 б.

8. Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы : дәстүр және жалғастық : 10.01.02 : филол. ғылымд. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дис. ... автореф. / Қансейіт Әбдешұлы. – Алматы : [Б. ж.], 2002. – 65 б.

9. Әбдешұлы Қ. Т. Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80 жылдардағы қазақ прозасы : дәстүр және жалғастық : 10.01.02 : филол. ғылымд. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. дис. ... / Қансейіт Әбдешұлы ; ғылыми кеңесші Р. Нұрғалиев ; ҚР

Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазМҰУ. – Алматы : [Б. ж.], 2002. – 283 б.

2003

10. Ақиық ақынның асқақ рухы немесе қазақ прозасындағы Махамбет тұлғасы // Ақиқат. – 2003. – № 5. – 57-63 б.
11. Ақиық ақынның асқақ рухы немесе қазақ прозасындағы Махамбет тұлғасы // Алматы ақшамы. – 2003. – 25 ақпан.
12. Ақиық ақынның асқақ рухы немесе Т. Әлімқұловтың "Қараойындағы" Махамбет тұлғасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филол. сер.– 2003. – № 1 (63). – 3-6 б.
13. Ғибратты өмір өнегесі : немесе қазақтан шыққан тұңғыш елші Нәзір Төрекұлов туралы құнды еңбек // Алматы ақшамы.
14. Дүние дидары немесе дүниежүзілік өркениеттің даму ерекшеліктеріне Президент Н. Ә. Назарбаевтың сараптамасы // Қазақстан : сындарлы жылдар және ғаламдық мәселелер : "Сындарлы он жыл" еңбегі бойынша өткізілген қорытынды ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Алматы, 2003. – 29-32 б.
15. Елші, саясаткер, азамат : саясаттану ғылымының докторы Т. Мансуровпен сұхбат / сұхбат : Қ. Әбдезұлы / Алматы ақшамы. – 2003. – 13 ақпан.
16. Жазушы және заман шындығы : мақалар, зерттеулер. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2003. – 185 б.
17. Жастықта алған білім – тасқа ойылған нақышпен бірдей... : әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультетінің деканы, профессор Қ. Әбдезұлымен сұхбат / сұхбат : Ж. Құлиев // Ана тілі. – 2003. – 25 желтоқсан.
18. Заман шындығы // Алматы ақшамы. – 2003. – 21 қаңтар.
19. Күй өнерінің құдіретін толғаған қаламгер // ҚазҰУ хабаршысы. Филол. сер. – 2003. – № 3 (65). – 123-125 б.
20. Қазақ батырлары және олардың ел тағдырындағы тарихи орны // Шапырашты Наурызбай : ғылыми-теориялық конф. материалдары. – Алматы, 2003. – 75-78 б.
21. Қазақ прозасындағы Махамбет // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – № 6. – 96-105 б.
22. Өнегелі өмірден өрілген : қазақ әдебиетіндегі Махамбет тұлғасы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 қыркүйек.

23. Тәкен Әлімқұлов және заман шындығы // ҚазҰУ хабаршысы. Филол. сер. – 2003. – № 1 (63). – 12-16 б.
24. Тәкен Әлімқұловтың "Қараой" әңгімесіндегі тарихи шындық пен көркемдік шешім // Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір : халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары. – Алматы, 2003. – 205-214 б.
25. Тәкен Әлімқұловтың "Қараой" әңгімесіндегі тарихи шындық пен көркемдік шешім // ҚазҰУ хабаршысы. Филол. сер. – 2003. – № 6 (68). – 17-21 б.
26. Тепе-теңдікті сақтайтын тетік керек // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 14 наурыз.
27. Тұғырын биіктеткен // Алматы ақшамы. – 2003. – 4 қаңтар.

* * *

28. Актуальные проблемы казахской и русской филологии // Вестн. КазНУ. Сер. информ. – 2003. – № 1 (10). – С. 50-51.

2004

29. Арабиядағы алғашқы қазақ елшісі // Қазақстан ZAMAN. – 2004. – 2 қаңтар.
30. Береке басы – бірлік, ырыс алды – ынтымақ // Түркістан. – 2004. – 29 шілде.
31. Елдік дәстүрімізге адалдық // Алматы ақшамы. – 2004. – 14 қыркүйек.
32. Жазушы бақыты – өміршең шығарма // Алматы ақшамы. – 2004. – 2 желтоқсан.
33. Жазушымен кездесу // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 29 қазан.
34. Күй және күйші бейнесін сомдаудағы психологизм : 60-80 жылдардағы проза негізінде // ҚазҰУ хабаршысы. Филол. сер. – Алматы, 2004. – № 1. – 3-6 б.
35. Қазақ батырларының тағылымы және көркем әдебиет // Ұлт тағылымы. – 2004. – № 3. – 138-143 б.
36. Қазақ батырларының тарихи тағлымы және көркем әдебиет // Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері : халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Алматы, 2004. – 18-30 б.
37. Таным мен талғам үндессе – үлкен игілік // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 30 сәуір.

38. Тарихи тұлғалар және қазақ әдебиеті : оқу құралы –Алматы : Қазақ ун-ті, 2004. – 163 б.
39. Тарих және тағдыр. – Алматы : Қазығұрт, 2004. – 204 б.
40. "Тимейді киіз жауса құлға ұлтарак..." // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 25 маусым.
41. Тұрақтылық – даму кепілі // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 29 қазан.
42. Туған әдебиетке адалдық // Алматы ақшамы. – 2004. – 17 маусым.
43. Ұлттық өнеріміздегі тұлғалардың көркем әдебиеттегі бейнесі // Ақиқат. – 2004. – № 6. – 81-86 б.
44. Ұлылар салған жолменен // Білім әлемі. – 2004. – 15 мамыр.

2005

45. Әуезов салған ұлы жол // Қазақ әдебиеті. – 2005. – 8 шілде.
46. Елдік дәстүрімізге адалдық // Алматы ақшамы. – 2004. – 14 қыркүйек.
47. Жас ұрпаққа жасалған қамқорлық // Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2005. – 15 наурыз.
48. Қазақ прозасы және ұлттық идея : оқу құралы. – Алматы : Қазақ уни-ті, 2005. – 239 б.
49. Қос өнердің жұлдызы : естеліктер. – Алматы : Қазығұрт, 2005. – 221 б.
50. Сыншы тағылымы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 27 қазан.
51. Махаббат дастаны жарық көрді // Айқын. – 2005. – 9 маусым.
52. Т. Әлімқұлов және қазақ күйшілік өнері // Абай. – 2005. – № 1. – 81-89 б.
53. Тағдырлы жылдар тағлымы : сыншы Төлеген Тоқбергеновтің азаматтық болмысы хақында // Жалын. – 2005. – № 12. – 37-40 б.
54. Таэквондоның тарланы – Мұстафа Өзтүрік // Ана тілі. – 2005. – 1 желтоқсан.

2006

55. Абыз // Ана тілі. – 2006. – 28 қыркүйек.
56. Алтын арна // Ақиқат. – 2006. – № 4. – 18-19 б.

57. Асылдардың сынығы // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 28 сәуір.
58. Әдебиетіміздің бір ғасыры көшіп кеткендей... қайран, "Қазақтың Қабдоловы" атанған абыз аға // Айқын. – 2006. – 30 қыркүйек.
59. Бүгінгі әдебиеттің "бүйірі" қайтсе шығады? // Айқын. 2006. – 22 ақпан.
60. Дананың дидары // Керуен. – 2006. – № 3 (04). – 3 б.
61. Дананың дидары // ҚазҰУ хабаршысы. Филол. сер. – 2006. – № 7 (97). – 21-27 б.
62. Жанр жүгі // Нұр-Астана. – 2006. – 22 наурыз.
63. Күй және күйші бейнесін сомдаудағы психологизм // Ғылым көкжиегінде : ғылыми-көпшілік жинақ. – Алматы. – 2006. – 141-151 б.
64. Тағдырлы жылдар тағлымы : сыншы Төлеген Тоқбергеновтің азаматтық болмысы хақында // Жалын. – 2006. – № 12. – 37-40 б.
65. Тәкен Әлімқұлов және қазақ прозасы. – Алматы : Арыс, 2006. – 170 б.
66. Ұлттық намыс және Желтоқсан көтерілісі // Дала мен Қала. – 2006. – 1 желтоқсан.

2007

67. Ақыл мен Парасат биігі // Керуен. – 2007. – мамыр. – 8 б.
68. Әдеби сыншыларымыз прозаға қарай өріс ауыстырды // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 17-23 тамыз.
69. Даналық антологиясы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 4 мамыр.
70. Даналық философиясы немесе Шәкәрім данышпандығының танымдық және тағлымдық болмысы // Егеменді Қазақстан. – 2007. – * тамыз.
71. Дананың дидары // Егемен Қазақстан. – 2007. – 11 желтоқсан.
72. Дастандық дүниетаным : Тұрмағамбет Ізтілеуұлы және қазақ әдебиетіндегі дастандық жыр үлгілері // Дала мен қала. – 2007. – 16 қараша.
73. "Жаһан Наме" дастаны және оның тарихи тағылымы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 6 маусым.

74. Зекеңсіз зымырап өтті жыл // Айқын. – 2007. – 25 тамыз / Б. Омарұлы, А. Еспенбетов, Б. Кәрібозұлы, А. Шәріптермен бірге.
75. Мұхтар Әуезов дәстүрі және “Ақ боз үй” трилогиясы. – Алматы : Қазақ уни-ті, 2007. – 80 б.
76. Мырза Хайдар Дулати және “Жаһаннаме” дастаны // Керуен. – 2007. – * б.
77. Парасат биігінен көз жазбаған қаламгер // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 30 наурыз.
78. Таным көкжиегі. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2007. – 270 б.
79. Тәкен және Тәттімбет // Астана хабары. – 2007. – 13 наурыз.
80. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы және қазақ әдебиетіндегі дастандық жыр үлгілері // Қазақстан Заман. – 2007. – 15 қараша.
81. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы және қазақ әдебиетіндегі дастандық жыр үлгілері : Тұрмағамбет Ізтілеуовтің туғанына 125 жыл толуына орай // Қазақстан Zaman. – 2007. – 15 қараша.
82. Ұлт тағдырын толғаған : Сұмағұл Елубай туралы ой пікір // Жұлдыз. – 2007. – № 3. – 152-158 б.

2008

83. Азамат көтерілер белестің абыройы // Қазақстанның ғылыми әлемі. – 2008. – №2. – 7-11 б. / Ғ. Есіммен бірге
84. Алғыр ойлы азамат // Қазақстанның ғылыми әлемі. – 2008. – № 5. – 181-183 б. / Ғ. Есіммен бірге
85. Айбынды Астана – Елбасының тарихи ерлігі // Қазақстанның және Елбасының триумфы : Астананың 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. – Алматы, 2008. – 22-26 б.
86. Әуезов және Қабдолов : ұстаз бен шәкірт тағылымы // Әдебиет айдыны. – 2008. – 23 қазан.
87. Даналық антологиясы // Қазақ елі – мәңгілік : жазушы, акад., проф. Ғ. Есімнің 60 жылдық мерейтойына арналған дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2008. – 41-55 б.
88. Даналық философиясы немесе Шәкәрім данышпандығының танымдық және тағлымдық болмысы // «Шәкәрім шығармашылығы қазақ және әлем мәдениеті контексінде» : Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына

- арналған халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары, 12 қыркүйек 2008 ж. – Семей, 2008. –115-124 б.
89. Жаралыс басы – қозғалыс. Қозғауға керек қолғабыс // Егемен Қазақстан. – 2008. – 6 қыркүйек.
90. Қазақ прозасындағы қоңыр күй // Қазақ әдебиеті. – 2008. – 23 желтоқсан.
91. Перзенттік парыз. Адамдық қарыз // Егемен Қазақстан. – 2008. – 18 шілде.
92. Табиғатпен тамырлас талант еді...: Қ Әбдешүлімен әңг. / әңг. Р. Баударбек // Жас қазақ. – 2008. – 18 сәуір.
93. Тәкен және Тәттімбет күйші // Парасат. – 2008. – № 4.- 24-25 б.
